



Автор: Коптенова Лайла Усенхановна
Пән: Жаратылыстану
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Табиғат физикасы Күш және қозғалыс
Тақырып: Серпімділік күші қайда пайда болады?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.5.1.1 серпімділік күші күнделікті өмірде қайда кездесетінін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: серпімділік күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіреді. Көптеген оқушылар: серпімділік күші туралы білімді түсінеді. Кейбір оқушылар: серпімділік күшіне мысал келтіреді.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: серпімділік күші, серпімді, серпімсіз. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Серпімділік күші дегеніміз не? Заттардың пішіні қандай болады?
Күтілетін нәтиже:	Серпімділік күші күнделікті өмірде қайда кездесетінін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіреді және оны өмірде қолданады;
Бағалау критерийлері:	Серпімділік күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіреді. Серпімділік күші туралы білімді түсінеді. Серпімділік күшіне мысал келтіреді.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Табиғат физикасы. Күш және қозғалыс туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады.
Бастапқы білім:	Оқушылар «қозғалыс», «жылдамдық» ұғымдарын түсінеді, қозғалыс тудыратын күштердің болатынын біледі, қозғалыстың траекториясын көрсете алады және жылдамдықтары әр түрлі болатын қозғалыс денелеріне мысал келтіре алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Психологиялық дайындық Айналаға алақанмен, Жылулықты шашайық. Сәттілік тілеп, өзімізге, Біз сабақты бастайық. Сұрақ-жауап «Иә немесе жоқ» 1. Биосфера дегеніміз жердің қатты қабығы (Жоқ) 2. Жер өз осінен айналады (Иә) 3. Барлық дененің пішіні мен көлемі болады (Иә) 4. Жердің төрт қабығы бар (Иә) 5. Атмосфера бұл жердің су қабығы (Жоқ) 6. Жер өз осінен айналып қалса онда тіршілік тоқтайды (Иә) 7. Деформация дененің өзгеруі (Иә) 8. Затты созған кезде серпімділік күші арта ма? (Иә) 9. Ең алғаш ғарышқа ұшқан Талғат Мусабаев (Жоқ)	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	Ширату тапсырмасы. Салыстыр. Мақсаты: оқушылардың сыни ойлауын дамыту. Оқушыларға губка және қағаз таратылып беріледі. Тапсырма: Бір қолына губка, екінші қолына қағазды алып, алақанмен заттарды қысуларын сұрайды. -Не байқадың? Денелерде қандай өзгеріс болды? Неліктен? - Серпімділік күші қай денеде орын алды? Оқушылардың жауабы тыңдалып, сабақтың тақырыбы анықталады/ Слайд-1 Бағалау критерийлерін шығару Слайд-2 Оқушылар видеоны қарап отырып, бүгінгі біздің сабағымызға қандай қатысы бар екенін дәлелдеп түсіндіру. Серпімділік күші дегеніміз не? Серпімділік күші – дененің сыртқы пішіні мен көлемінің өзгеруі нәтижесінде пайда болатын күш. Дененің қалпын өзгерту үшін оны созуға, қысуға, бұрауға немесе майыстыруға болады. Дененің өзгеруі серпімді және пластикалық (серпімсіз) деп бөлінеді. Слайд-3 Серпімді деформация бола ала ма? Дәлелде. Ойлан, серпімділік күші болмас? Жеке жұмыс: Дәптермен жұмыс (26 бет) Жұптық жұмыс: Семантикалық карта Дескриптор: Серпімділік күші туралы білімді түсінеді. Берілген заттар тобын серпімді және пластикалық деп ажырата алады. Қане бері қарайық, Жұмбақтарды табайық. Ойланып жауап берейік, Үш тілде айтып көрейік. 1. Желпілдеген үкісі Найзадағы желектей. (Ермексаз, пластилин, plasticine) 2. Екі аяқты, бір ізді Үстіне мені мінгізді, Мінгізгенмен, ол менің Аяғымды жүргізді. (Велосипед, bicycle) 3. Тиіп кетсе жылаған, Даусы көпке ұнаған. (Домбыра, dombra) Өзімізді серіппеміз деп есептеп, созылу, сығылу, бұралу, майысу деформацияларын жасай аламыз ба? Топтық тапсырма: 1-топ. Төменде берілген суреттер қандай деформацияға ұшырайды? (сығылу, майысу, созылу, бұралу) 2-топ Берілген ребустарды шешіп, деформацияның түрін ажыратып, мысал келтір. (Ермексаз, бұта, серіппе) 3-топ Берілген заттарды топтастыр (серпімді және пластикалық) Майшам, доп, губка, кола, қамыр, ермексаз, өшіргіш, резеңке, бутылка, сым, т.б 4-топ Берілген суреттерді топтастыр (созылу, майысу, сығылу, бұралу) Дескриптор: Берілген суреттерді топтастырады. Серпімділік күшіне мысал келтіреді	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Серпімді Пластикалық Серіппеге жүк ілінді; Бала ермексаздан ойыншық жасады; Бала шананы сүйреді; Саз балшықтан құмыра құйды; Жел соққанда ағаштар майысты; Қар бетіндегі басылған адамның ізі; Садақ жібінің тартылуы;	сызба кестесі
Рефлексия (5 минут)	Рефлексия. «Мишень» әдісі Бөліктерін толтырады. 1. Қызық болды 2. Жаңалық 3. Белсене қатыстым 4. Түсінікті болды	"Мишень" слайды